

Б.А. Жүрсінбаев¹ , **Б.Т. Жұбанышов^{2*}** 

¹М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Қазақстан, Тараз қ.

²Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: mr.berik1973@mail.ru

САҚ-ПАРСЫ СОҒЫСТАРЫ

Бұл мақалада парсылардың патшалары Кир және Дарийдің сақтарға жасаған басқыншылық жорықтары Геродот, Ктесия, Мегасфен Диодор, Полиэн, Беросс сияқты грек деректеріне және Дарийдің Бехустин жазбасына сүйеніп жазылған ғылыми зерттеулер арқылы жан-жақты баяндалады. Атап айтқанда, Кир мен Дарий патша бастаған парсылардың сақ даласына жасаған жорықтарының бағыттары мен уақыттары, ең басты мақсаттары мен себептері, қозғаушы күштері мен алғышарттары және тарихи байланыстары талданып, оған қарсылық көрсеткен сақ тайпаларының атаулары мен олардың мекен еткен аймақтары анықталады. Сондай-ақ Кирмен соғысқан сақтардың патшасы Томирисінің тарихи қызметі мен оның есімінің этимологиясы бірнеше деректердің негізінде ғылыми тұрғыдан сараланады. Кирдің массагеттермен өткен шайқастың бірнеше нұсқалары талдаудан өткізіліп, оның өліміне байланысты болжамдар жасалады. Кирдің өлімінен кейін сақтарға жорықты одан әрі жалғастырған парсылардың патшасы Дарийдің шапқыншылығына да ғылыми негізде бағалар беріліп, оның себептері мен уақыты, бағыттары мен барысы және нәтижесі жан-жақты сипатталады. Дарийдің басқыншылығына қарсы соғысқан сақтардың патшалары Иданфирс, Скопасис және Таксакисінің қорғаныс стратегиялары мен партизандық тактикалары, сондай-ақ ерліктері мен табандылықтары деректердің материалдары бойынша сарапталады.

Түйін сөздер: скифтер, парсылар, массагеттер, Геродот, Томирис, Кир, Дарий, Окс, Яксарт, Дунай.

B.A. Dzhursunbaev¹, B.T. Zhubanyshov^{2*}

¹ Taraz Regional University named after M.Kh. Dulati, Kazakhstan, Taraz

² Kazakh National Women's Pedagogical University, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: mr.berik1973@mail.ru

Saka-persian wars

This article examines the military campaign of the Persian kings Cyrus and Darius against Sakas, based on Greek sources such as Herodotus, Ctesias, Megasphenes, Diodorus, Polyene, and Beross, and Darius Behustin. In particular, the directions and times of the Persian expeditions to the Saka steppes, led by King Cyrus and Darius, the main goals and motives, driving forces and preconditions, and historical connections are analyzed, and the names of the Saka tribes that resisted it and their territories are identified. Also, the historical activities of the Saka king Tomiris, who fought against Cyrus, and the etymology of his name are scientifically analyzed on the basis of historical sources. Several versions of Cyrus' battle with Massagets are analyzed and provide arguments about Cyres' death. The invasion of the Persian king Darius, who continued his campaign against the Sakas after Cyrus' death, is also scientifically assessed, and its causes and time, directions and course, and results are described in detail. Analyzed the defence strategies and guerrilla tactics, as well as the heroism and perseverance of the Saka kings Idanfir, Scopassis and Taxakis against the invasion of Darius.

Key words: Sakas, Persians, Massagets, Herodotus, Tomiris, Cyrus, Darius, Oks, Jaxart, Danube.

Б.А. Джурсунбаев¹, Б.Т. Жубанышов^{2*}

¹Таразский региональный университет им. М.Х. Дулати. Казахстан, г. Тараз.

²Казахский национальный женский педагогический университет. Казахстан, г. Алматы

*e-mail: mr.berik1973@mail.ru

Сакско-персидские войны

В статье всесторонне рассматриваются завоевательные походы персидских царей Кира и Дария против сакских племен через научные исследования, основанные на греческих источниках таких авторов, как Геродот, Ктесия, Мегасфен Диодор, Полиэн, Беросс, и Бехустинской надписи Дария. Проводится анализ направления и время, главные цели и причины, движущие силы и

предпосылки, а также историческая взаимосвязь персидских походов на сакские земли под предводительством Кира и Дария, определяются названия, месторасположения и среда обитания сопротивляющихся им сакских племен. Также, с научной точки зрения на основе нескольких источников разбирается историческая деятельность сакской царицы Томирис и этимология ее имени. Анализируются несколько вариантов войн Кира против массагетов и прогнозируются причины его смерти. Дается научная оценка походам Дария, продолжавшего после смерти Кира войну против саков, полноценно характеризуются его причины и время, пути направления, ход и конечный результат. На основе источников исследуются стратегия обороны и партизанские тактики, а также героизм и настойчивость, упорные действия саков и их царей Иданфирса, Скопасиса и Таксакиса в войне против Дария.

Ключевые слова: Скифы, персы, массагеты, Геродот, Томирис, Кир, Дарий, Окс, Яксарт, Дунай.

Кіріспе

Еліміздің тарихы өте тереңнен бастау алатыны және түрлі оқиғаларға бай екені баршамызға белгілі. Соның ішінде көне замандағы тарихи үрдістер өзінің құпиялылығымен ерекшеленгендіктен, әрі толық зерттелмегендіктен тарихшылар қауымын үнемі қызықтырып келе жатқаны анық. Сондықтан да қазақтардың ежелгі тарихы басқа кезеңдерге қарағанда өзекті болып қала береді. Соның ішінде қазақ халқының шығуы мен оның генезисіне негіз қалаған сақтардың тарихы ғылыми тұрғыдан әлі де зерттеуді қажет ететін мәселелердің бірі. Әсіресе сақтардың парсылармен жүргізген соғыстары немесе Кир, одан кейін Дарий бастаған парсылардың сақ даласына жасаған басқыншылығы отандық тарихнамада әлі толық ашылған жоқ. Сондықтан да тарих ғылымында бұл мәселенің арнайы талдануы қазақтардың ертедегі тарихын ғылыми негізде тура және терең түсінуге мүмкіндік бермек. Өйткені парсы-сақ соғыстары арқылы біз сол кездегі ұлан байтақ сақ даласында мекен еткен тайпалардың тұрақтары мен мекендері, оларды билеген патшалардың атқарған қызметтері мен рөлдері, тағдыры өте күрделі қарапайым сақтардың тәуелсіздік жолындағы талай азапты жолдарын анықтай аламыз. Ал бұл бағытта зерттеу жүргізу тарихтың ақтаңдық жолдарын аша түседі. Сондай-ақ сақтардың тарихын білу дегеніміз өткеннен сабақ алып, болашақты дұрыс болжауға да мүмкіндік беретіні сөзсіз.

Материалдар және әдістер

Парсылардың басқыншылық соғыстарына қарсы тұрған сақ тайпаларының тарихи сахнадағы орны мен рөлін бағалауда өркениеттілік негіздеменің алар орны ерекше. Осы бағыттың шеңберінде тайпалардың тарихқа қосқан салмағын анықтауда нақты қадамдар мүмкіндік

береді. Жалпы мақаланың теориялық-методологиялық бағытын өркениеттілік ұстаным мен тарихилық қағида жасайды. Сондай-ақ, сақ тайпаларының белсенді рөл атқаруына қатысты тарих ғылымындағы методикалық бағыттар негізге алынды. Бұл бағыттың қадамдары тарихилық қағидалармен де сәйкес болып шығады. Мақаланың деректік базасын көне антикалық авторлардың еңбектері мен парсы патшаларының бұйрығымен тасқа қашалып жазылған Бехистун жазбалары жасақтайды. Бұл дерек көздерінің арасында көнелігімен құнды Бехистун жазбалары ерекше орын алады. Мұны парсының билеушісі I Дарийдің бұйрығымен б.з.д. 518 жылы тасқа қашаған. Деректің бағалылығы бұл жазбада «сақ» атауы беріліп, сақ тайпалық одағының рулары аталады. Тарихнамада Бехистун жазбаларындағы жазулардың сыры ашыла бастаған соң зерттеушілердың сақтарға деген ынтасы ауып, тарихта сақтану саласының негізі қалыптасты. Бұл деректің материалдары көптеген зерттеушілердің еңбектеріне себеп болып, әр түрлі көзқарастардың шығуына жағдай жасады. Антикалық авторлардың кітаптарының ішінде Геродот, Ктесия, Мегасфен және тағы басқалардың жазбалары ғылым үшін өте құнды. Мақаланың мазмұнын ашуда Диодор, Ктесий, Беросс кітаптарындағы деректер қолданылды.

Нәтижелер және талдаулар

Деректерде парсылар алғаш рет б.з.д. IX ғасырдан бастап кездеседі. Бұл уақытта көшпелі парсы тайпалары Аншан өлкесін мекендейді. Осы кезеңде парсылардың мемлекетін Ахеменидтердің әулеті билеуге көшеді. Б.з.д. 558 жылы парсылардың тағына отырған II Кир б.з.д. 550 жылы Мидияны басып алып, олардың мемлекеттік және қоғамдық құрылысы мен жүйесін игеріп, өздеріне еш өзгертпестен

сіңіріп алады (Curzon, George Nathaniel, 2018: 75). Осыдан соң Кир Парфияны, артынша Лидияны бағындырса, б.з.д. 545 пен 539 жылдар аралығында Дранжанаға, Маргиянаға, Хорезмге, Согдиянаға, Бактриянаға үстемдігін орнатады. Б.з.д. 539 жылы Вавилония да парсылардың билігін мәжбүрлікпен мойындағаннан кейін, Таяу Шығыстағы бүкіл керуен жолдары Кирдің бақылауына өтеді. Бүкіл әлемге билік құруға ұмтылған Кирдің келесі жоспарына Египетті басып алу кіреді. Бірақ бұл мақсатқа жету үшін ол алдымен империяның солтүстік-шығысындағы сақ тайпаларынан төнетін қауіптің алдын алуға шешім қабылдайды. Сол үшін Кир басты назарын ең бай мемлекеттердің бірі Египетке емес, кең далада көшіп-қонып жүрген сақ тайпаларына қарай бағыттайды. Дегенмен парсылар шапқыншылықты бастамас бұрын оған алдын ала дайындалып, біршама іс-шараларды жүзеге асырады. Соның ішінде олар сақтармен арадағы шекараға бекініс жүйелерін тізіп, оған әскерлерін жайғастырады және оларға қажетті азық-түлік қорын жасақтайды. Сол бекіністердің бірі Яксарттың (Сырдария) аймағындағы Соғдианияда, қазіргі Ұратөбеде орналасты. Антикалық жазушылар бұл бекіністі Кирополь немесе Кирэсхат деп атаған. Бұл қаланы кезінде сақтарды бағындыруға келген Александр Македонскийдің өзі арнайы барып көрген екен (Дандамаев, 1985: 52). Осылайша жорықтың жабдығын жасаған Кир б.з.д. 530 жылы сақтарға қарсы соғысын бастайды. Жалпы Кирдің сақтарға жасаған жорығы туралы антикалық әдебиеттерде бір-біріне қарама-қарсы, әрі қайшылыққа толы бірнеше нұсқалары кездеседі. Оған Геродот, Ктесия, Мегасфен және тағы басқалардың жазбалары кіреді. Мысалы, Геродот Кир Аракс өзенінен (Амудария) өтіп, Каспий теңізінің маңайын мекендеген массагеттерге жорық жасаған десе (Щеглов, 1998:115), Үндістан туралы бірнеше үзінділер қалдырған грек саяхатшысы Мегасфен өз шығармасында Персиядан жорыққа шыққан Кир Ауғанстан мен Үндістанның аралығындағы массагеттердің иелігіне келгенін жазады. Әрине, Мегасфеннің заманында және ол аралаған жерлерді, атап айтқанда Жоғары Инд, Кабул және Гиндукушты кейіннен көшіп келген массагеттердің тікелей ұрпақтары ассакендер мекендеген болатын. Сондықтан, грек саяхатшысы Мегасфеннің Кирдің массагеттерге жасаған жорығы туралы әңгімені ассакендерден естігендіктен, ол осы мәліметтердің негізінде қателескені көрініп тұр (Щеглов, 1998: 116).

Антикалық деректердегі мәліметтерді жан-жақты талдаған И.В. Пьянков, бұл жорық Гирканиядан солтүстікке және Каспий теңізінен шығыстағы жазық даланы мекен еткен көшпелі тайпаларға қарсы бағытталғанын анықтайды (Дандамаев, 1985: 54). Геродот пен Мегасфеннің әңгімелеріндегі қайшылықтарға қарамастан, Кирмен соғысушы тайпаны екеуі де массагеттер деп атаған. Алайда, осы оқиғаны баяндаған Беросс пен Ктесийдің нұсқаларында Кирдің қарсыластары басқаша атаумен беріледі. Беросста Кир дайлармен шайқасады. Осы тұста Беррос б.з.д. III ғасырда өмір сүрген дахтар массагеттердің орнында өмір сүргендіктен оларды Кирдің қарсыластары деп атаған. Ктесий болса Кирді дербиктермен соғыстырады. Ктесийдің бұл тұжырымдамасы шамасы сол уақыттағы парсылардың ресми дәстүрлерінен туындаса керек. Өйткені, ахеменидтердің аңызын жеткізуші қызметін атқарған Ктесий парсылардың деректеріне ғана сүйенген. Өз кезегінде дербиктер Каспий мен Арал теңіздерінің аралығындағы даланы мекендеген қуатты массагет тайпаларының бір бөлігін құраған. Ктесийдің уақытында дербиктердің атауы басқа массагет тайпаларына қарағанда кеңінен тараған (Дандамаев, 1985: 54).

Осы тұста Кир жаулап алмақ болған көшпенді тайпаларға қысқаша анықтама беріп кетсек. Массагеттер б.з.д. V ғасырдан бастап белгілі. Олардың атаулары II Кирдің ортазиялық көшпенділерге жасаған жорығы кезінен бастап тек грек әдебиеттерінде ғана аталады. Осыған байланысты массагеттерді Беросс дай десе, Ктесий дербиктер деген (Алексеев, 2003:65)

Парсы деректері бойынша б.з.д. VI-V ғасырларда бұл Орта Азияны дахтар, сақтар, тиграхауда сақтары және хаумаварга сақтары мекен еткен. Ертедегі деректерде көрсетілген ортаазиялық дахтар Ксеркстың «Антидэвовская надпись» атты жазбасында кездеседі. Ксеркстың жазбасы б.з.д. 484 жылы билеген уақытына келеді. Ғылыми әдебиеттерде Ксеркстың дахтары мекендеген аймақтарын анықтауға тырысуда. Ставиский оларды Яксарттың маңайына немесе Зеравшан мен Сырдария арасына жатқызса, Дандамаев болса дахтар Каспийдің шығысында орналасқан дейді. Алайда бұлардың бәрі болжам ғана. Дахтар туралы толық мәліметтер б.з.д. 331-328 жылдарға келеді. Бұл уақытта дахтар Александр Македонскийге табанды қарсылық көрсеткен еді. Зерттеушілер аталған кезеңде дайлардың мекен еткен аймақтары туралы түрлі пікірлер айтады. Мәселен, Мачинский дайларды Үстіртте,

Ф.Я. Косыке Түркімениядағы Амударияның сол жағалауына, В. Томашек Александрдың кезінде дайлар Окс (Амудария) пен Яксарттың (Сырдария) арасында, содан кейін Маргианада, Дж.Аткинсон Яксарт өзенінің бойында, Э.Босворт Яксарттың (Сырдария) оңтүстігіндегі Соғды мен хорасмиялықтардың арасында, И.В.Пьянков пен И.Н.Хлопин Танаистың (Сырдария) солтүстігінде, С.Г.Кляшторный Аралдың маңайында қоныстанған деген пікірлер береді (Балахванцев, 2018: 69).

Грек деректерінде хаумаварга сақтары амиргий скифтері делінсе, Дарийдің Накш-и-Рустамдағы жазбасында *gimigi umurga* деп аталады. Сақтардың қоныстануы туралы жазба және лингвистикалық деректерді жан-жақты талдаған Б.А. Литвинский хаумаварга сақтары географиялық жағынан Орта Азияның оңтүстік-шығысын, тиграхауда сақтары оның батысын, соғдының арғы жағындағы сақтар Сырдарияның орта ағысында, дахтар болса Аралдың маңы мен Сырдарияның оң жағалауында қоныс тепкен (Алексеев, 2003: 66).

Антикалық әдебиетте Кирдің жеңілісі терең із қалған және оның өліміне байланысты бірнеше болжам бар. Соның Геродоттың әңгімесі басқаларға қарағанда толықтырылған түрде айтылған және ол басқа болжамдарға қарағанда кеңінен тараған. Көптеген антикалық авторлар сүйенген бұл болжамында Кир массагеттердің патша әйелі Томирисінің үйлену туралы жасаған ұсынысынан бас тартуын сылтауратып соғысты бастаған. Парсылар Аракстен (Амудария) өту үшін оған көпір сала бастаған кезде массагеттер оларға «егерде соғысқың келсе, онда көпір салмай-ақ өзеннен еркін өте беріңдер, біз үш күндік жерге шегінеміз, егер оған келіспесендер, онда біз өтейік, бірақ сендер де солай жасандар» дейді. Бұл хабарды алған Кир кеңес құрған кезде оған қатысушылардың бәрі өз жерінде қарсы алуды жөн көреді. Тек мұны кеңеске қатысушы Лидияның бұрынғы билеушісі Крез ғана құптамай «егер сен жауды өзіміздің жерімізге жіберсең, онда Камбистің ұлы Кир әйелге бағынып, өз еліне еруге жол берді деген ұятқа қаласың, сондықтан біз өзеннен өтейік те артынша шегінгендей болып тұрағымызға әр түрлі тағамдар мен шараптарды және жаралы әскерлерді тастап кетейік», – деп өз ұсынысын білдіреді. Крездің кеңесін дұрыс көрген Кир Аракстен өтеді де, бір күндік жерге жеткенде әлсіз жауынгерлерін тастап шегініп кетеді. Парсылардың сыртынан бақылап жүрген массагеттер Кирдің қалдырған әскерін

қырады да, парсылардың тұрағында қалған тамақ пен шарапқа тойып, ұйқыға кетеді. Осыны аңдып тұрған парсылар қайтып келеді де, ұйқыда жатқан массагеттерді тұтқынға алады. Олардың ішінде Томирис патшаның ұлы Спаргапис та бар еді. Мұны естіген Томирис Кирге «егерде ұлымды қайтармасаң, онда қаншалықты тойымсыз болсаң да қанға тойдырамын», – деп сәлемдеме жібереді. Алайда тұтқынға түсіп мастығынан айыққан Спаргапис қолын бұғаудан босатқан бойда өзін-өзі өлтіреді. Осыдан кейін Томирис бүкіл әскерімен Кирге шабуыл жасап, парсыларды ауыр жеңіліске ұшыратып, шайқаста өлген Кирдің денесін таптыртып, оның басын қанға толтырылған тері меске салып, былай дейді: «Сен тірі кезінде қанға тоймап едің, енді тойғанша іш» (Дандамаев, 1985: 53).

Ал Диодор, Ктесий, Беросс және басқа да антикалық жазбаларда бұл оқиға қысқаша, әрі басқаша сипатта баяндалады. Ктесийде-Кир соңғы шайқасын дербиктермен өткізеді. Бұл оқиға үш күнге созылады. Бірінші күнінде парсылар дербиктерден күшті соққы алып, Кир үнділіктің қолынан ауыр жарақаттанады. Үнділіктер дербиктердің одақтасы ретінде көмек береді. Екінші күні парсылар дербиктерді тас-талқан етіп, елін жаулап алады. Бұл күнгі шайқаста үнділіктер айтылмайды, бірақ сақтар парсылардың одақтасына айналады. Үшінші күні Кир соңғы рет бұйрық беріп, жақындарының қасында көз жұмады (Щеглов, 1998:118).

Диодордың еңбегінде скифтердің әйел патшасы өздеріне жорық жасаған Кирдің әскерін талқандаған соң, алдымен Кирді тұтқынға алып, содан кейін барып оны өлтірген. Беросс ескертпесіндегі Кир Орта Азиядағы скиф тайпаларына кіретін дайлармен өткен шайқаста қаза тапқан. Ксенофонт болса «Киропедии» атты еңбегінде Кир өзінің астанасында өз ажалынан қайтқанын жазады. Алайда, ол деректі бұрмалаған. Оның себебі, Кир парсылардың астанасында емес Пасаргадахта жерленеді. Шамасы Камбиз Кирдің денесін массагеттерден сатып алса керек (Schmidt, 1953: 45). Өйткені, Кир өлген соң оның орнына таққа отырған Камбиздің кезінде сақтар мен парсылардың арақатынасы жөнделіп, Кирдің денесі парсыларға қайтарылып беріледі. Оның денесі аса құрметтеліп, Пасаргадахта арнайы жасалған кесенеге қойылған (Гусаков, 2010: 13).

Енді Кирді шайқас даласында өлтіріп, тарихта есімі аңыз ретінде қалған массагеттердің патша әйелі Томирисінің этимологиясына назар аударайық. Өкінішке орай, оның есімін

грек тілінен қазақ тіліне транскрипциялауда зерттеушілер негізінен Геродоттың әңгімесімен ғана шектеліп, басқа жазбаларға назар аударма бермейді. Осыған байланысты отандық әдебиеттерде Томирисің есіміне Тұмар, Томар, Тамыр деп түрліше анықтама беріліп жүр. Егерде басқа жазбалармен салыстырар болсақ, Геродоттағы Томирис әйелдің емес еркектің есімі екеніне көз жеткізуге болады. Мұны басқа дерек көздерімен салыстырып көргенде анық байқалады. Мәселен Полиэнның «Стратегма» атты еңбегінде парсылардың патшасы Дарий сақтарға жорыққа шыққан кезде оған қарсы тұру үшін кеңес құрған үш патшасының бірі Томирис деп аталады (Полиэн, 2002: 236).

Неміс тарихшысы А. Херрманн болса осы Полиэнның келтірген сақ патшалардың бірі Томирисің есімін массагеттердің патша әйелі Томириспен байланыстырады. (Немировский, 2005:219). Жоғарыдағы еңбектерден көріп отырғанымыздай Томирис деген есіммен сақтардың ер патшасы да аталған. Осы тұста көшпелілерде әйел мен еркекті бір есіммен атау дәстүрі жоқ екенін ескергеніміз жөн. Ондай болса бұл есімдегі гректің ис жалғауын алып тастасақ онда Томир деген түбірі қазақтың Темір деген атауға келетіні және оны тек ер адамдарға ғана қолданатыны белгілі болады. Осыған байланысты массагеттердің патша әйелінің есімі Томирис емес басқаша аталған деген қорытындыға келіп, массагеттердің әйел патшасының есімі Томирис деп атаған Геродоттың әңгімесіне сын көзбен қарауға мәжбүрлейді. Өйткені, Томирис туралы оқиғаны 100 жылдан кейін естіген Геродот массагеттердің патша әйелінің есімін күйеуінің есімімен ауыстырып алғаны көрініп тұр. Оның үстіне жалпы зерттеушілер өз еңбектерінде Геродот пен басқа да антикалық жазушылардың сақтар туралы берген мәліметтерді жартылай аңыздар түрінде жеткізгеніне тоқталып кетеді. Себебі олар бұл мәліметтерді басқа дерек көздерінен алған. Әсіресе, зерттеушілердің басым бөлігі Геродоттың нұсқасы шынайы тарихи дәлелдемелерге сүйенбеген қысқа әңгімелерден тұрғанын атап өтеді. Осыған байланысты болса керек, ертеде Геродотқа шебер аңыздар мен әңгімелердің шығарушысы ретінде қараған. Сондықтан Геродот өзінің еңбегінің екінші бөлімінде тыңдаушыларының алдында ақталуға және өзінің келтірген мәліметтерінің шынайы екенін арнайы түрде дәлелдеуге тырысқан. Фукидид Геродотты тарихи шындықты айтушы емес, тыңдаушылар немесе оқушылардың көңілін

бір сәтке көтеруге мақсат қойған «прозалық тарихшылардың», логографтардың қатарына жатқызды. Ал Ктесий болса өзінің «Парсы тарихын» жазған кезде алдына Геродоттың еңбектеріндегі өтіріктерді шығаруды мақсат еткен. Геродотты Аристотель, Фемистий, Гермоден, Гелий және тағы басқалары да «ертегі жазғыш» деп атаған. Ф. Мищенко Геродоттық ақпараттарға сенімділік танытпағандардың қатарына Манефонды, Гарпократионды, Феопомпады, Цициеронды, Лукианды, Иосиф Флавияны кіргізеді. Олардың қатарына Плутархты, Элиананы, Оригенды кіргізуге болады. Тіпті Плутарх Геродотқа арнап еңбек жазып, онда ол Геродотты деректерді саналы түрде бұрмалаған деп кінә тағады (Куклина, 1985: 9). Осы тұста Геродоттың шатақсанын дәлелдеуде Ктесийдің шығармасын басшылыққа алғанымыз дұрыс. Ктесийдің жазуынша II Кир Бактрияны басып алған соң, сақтармен соғыс жүргізіп, олардың патшасы Аморганы тұтқынға алады. Аморганың әйелі Спаргапип күйеуінің тұтқынға түскенін естіген соң жаңадан әскер жинап парсыларға соққы береді де, Кирдің бірнеше туыскандарын тұтқынға алады. Бұл жағдай Кирді сақ патшасын өз туыскандарына ауыстыруға мәжбүрлейді (Артамонов, 1973: 10).

Яғни әңгімеде Кирмен соғысушы сақтардың патша әйелі Спаргапип, ал оның күйеуі Аморг деп аталады. Аморг немесе Аморг деген есімнің алдына «т» дыбысын қойсақ, онда «Таморг», яғни «Теміргі» деген мағынаны білдіріп тұр. Өйткені, Ктесий өзінің грек тілінің ерекшелігіне байланысты және естілуіне қарай «т» дыбысынсыз «Аморг» деп жазған. Бірақ, өкінішке орай Ктесийдің Кирдің сақтарға жасаған жорығы туралы әңгімесіне салыстырмалы түрде ғана қарамасақ, оны толық шынайы деп қабылдай алмаймыз. Өйткені, Страбон да Геродотпен қатар Ктесийді де «ғажайыпқа сенетін тыңдаушылардың сезімін қанағаттандыру үшін қияли әңгімелерді құрастырушылар» деп оларды бір бағытқа топтастырып, былай дейді: «Ктесия, Геродот, Гелланикаға сенгенше, одан да Гесиод пен Гомердің батырлар туралы жазған әңгімесіне немесе қайғырушы ақындарға сенген әлдеқайда оңай» (Куклина, 1985: 9). Парсылардың сақтарға жасаған жорықтарын б.з.д. 526 жылы дүниеден озған Камбиздің орнына бірнеше жылға созылған үлкен тақталастың нәтижесінде билікке келген I Дарий Гистаспа ұйымдастырады. Оны ол билігін күшейтіп алысымен таққа талас кезінде өзін қолдағысы келмеген Бактрия мен Маргиана сияқты Ортаазиялық елдердің билеушілерін

жазалау мақсатында шабуыл жасаудан бастайды (Гусаков, 2010: 13).

Жалпы алғанда М.А. Дандамаевтың еңбегіне назар аударсақ, онда Дарий Скифияға екі рет жорық жасаған деген пікір айтылады (Дандамаев, 1963: 270). Онда ол зерттеушілердің грек деректеріне ғана ден қойып, ал Дарийдің Бехустин жазбасындағы маңызды оқиғаларды талдауға алмағанын алға тартады. Оның жазуынша Дарийдің скифтерге жасаған жорығы Қара теңіздің жағалауына қарай бағытталса, онда неге ахаменидтік жазбадағы тиграхаудалық сақтар үнемі Орта Азиядағы тайпалармен қатар аталады деген мәселені қояды. Оның үстіне қаратеңіздік скифтер парсыларға парадрайя сақтары деген атаумен белгілі болған және Македония, Греция және басқа да көрші елдермен қатар көрсетіледі. Яғни, бір тайпаны әр түрлі атаумен бірнеше аймаққа орналастырудың мүмкін еместігін алға тартады. Шынында да М.А. Дандамаевтың пікірін назарға алсақ, онда Бехустин жазбасы мен Геродоттағы Дарийдің скифтерге жасаған басқыншылығы екі жорықтан тұрған. Осыған байланысты тиграхаудаға жасаған жорығы жазылған Бехустин жазбасы І Дарийдің билік құрғанына үшінші жыл толғанда жазылған. Ол б.з.д. 519 жылға сәйкес келеді.

Бехустин жазбасының V-ші бағанында Дарийдің тиграхауда сақтарына жасаған жорығы туралы былай делінеді: «Сөйлеп тұрған Дарий патша: мен әскерімді бастап сақтардың еліне аттандым. Сол кезде бөрік шошақты сақтар шайқасқа түсу үшін қарсы шықты. Мен өзенге келген кезде одан бүкіл әскеріммен бірге өттім. Содан кейін сақтардың 100-ден бір бөлігін талқандадым, ал қалған бөлігін тұтқынға алдым. Олардың көсемі Скунханы тұтқынға алып, алдыма алып келді. Сол кезде оларға менің бұйрығым бойынша басқа көсем тағайындалды. Содан соң сақтардың елі менікі болды» (Дандамаев, 1963: 556). Яғни, Бехустин жазбасында парсылардың патшасы Дарий әскерімен сақтардың еліне аттанып, тік шошақты бөрік киген сақтардың соңына түскенін, бірақ сақтар онымен шайқасқа түспей кең далаға қарай шегініп кеткенін, олардың соңына түскен ол теңізден өтіп, көп сақтарды өлтіргені баяндалады. Өзінің сақтардың даласына жасаған жорығын одан әрі жалғастырған Дарий сақтардың бір билеушісін жазалап өлтіргенін, ал Скунха деп аталатын екінші бір билеушіні сақтардың өздері байлап алдына алып келген соң, оларға жаңадан билеуші тағайындап, сақтарға өз билігін орнатқанын мақтанып жазады. Осы мәтінді жан-жақты талдаған

зерттеушілер, Дарий Каспий теңізіне құятын Амударияның ескі саласы Ұзбойды кесіп өтіп, Соғдыдан солтүстік-батыстағы Хорезм мен Арал теңізіне дейінгі аралықты мекендеген сақтардың жерлеріне басып кірген деген болжам жасайды. Осылайша Бехустиндегі дерекке назар аударсақ, Дарий кезінде Ахеменид Кир қаза тапқан далада табысты соғыстар жүргізіп, сақтардың бір бөлігін өзіне бағындыра алған. Қолға түскен Скунхаға Дарий үлкен маңыз береді. Оның суреті Бехистуннің тасында ахеменидтік патшаның басқа да күшті жаулармен бірге басылып көрсетілген (Гусаков, 2008: 65).

Дарийдің сақтар даласына жасаған жорығының себебі мен уақыты туралы зерттеушілердің арасында ортақ пікір жоқ. Өкінішке орай Геродот жорықтың уақыты жөнінде тек «Вавилонды алған Дарий скифтерге қарай жорыққа шықты» деген сөзбен шектеліп, оның скифтерге жасаған жорығының негізгі себебін скифтерден Мидияға жасаған жорығы үшін кек қайтарудан іздейді. Жорықтың мақсаты готтардан шыққан римдік автор Иорданның еңбегінде былай деп беріледі: «Парсылардың патшасы Дарий готтардың (скифтерді Иордан осылай атаған) королі Антираның қызын әйелдікке сұрайды. Парсылармен туысқан болуға жиіркенішпен қараған Готтар оның өтінішін қабыл алмай, елшілерін бос қайтарады. Оған ашуланған Дарий готтарға қарсы 700 мың әскерін бастап масқарасын шығарғаны үшін кек алу мақсатында жорыққа шығады» (Черненко, 1984: 15).

Алайда бұл тұжырымдарды қате деген қазіргі таңдағы зерттеушілер осы мәселе бойынша өз пікірлерін ұсынады. Мәселен, Б.А. Рыбаков Дарийдің скифтерге жасаған жорығының негізгі себебі, Парсы империясының ықпалын сол кездегі барлық әлемге таратудан тұрған, сондықтан парсылар гректердің Қаратеңіздегі отарларын бағындыру және Грецияға баратын сауда жолдарын бақылауға алғысы келгені жөніндегі пікірін білдіреді (Рыбаков, 1979: 169). Алайда бұл автордың да болжамы дұрыс бағытқа жетелемейді. Өйткені Дарий гректерді бағындырғысы келсе, Дунайдан өтпей-ақ басқаша жолмен өздеріне қарата алатын еді. Осыған байланысты С.П. Толстовтың жасаған тұжырымдамасы шындыққа сәйкес келеді. Кирдің массагеттерге, Дарийдің скифтерге жасаған жорықтарын негіздеген ол мына пікірін алға тартады: «...Бұл екі жорыққа да басқыншылық сипат беру қиын. Өйткені екі қолбасшы-патша да осындай аса көп пайда бермейтін, әрі жүзеге асуы өте қиын ақылға

қонымсыз іске бармас еді. Шамасы бұл тұста олар империяның солтүстік-шығысындағы жолдарға үнемі қауіп төндіріп тұратын скиф-массагеттердің даласын тәртіпке салуды көздесе керек... Менің ойымша Дарийдің жоспарына оттың күшімен, қылыштың жүзімен Скифияның даласына тереңірек кіре отырып, Орта Азияның солтүстік-батысынан шығу арқылы біржолата солтүстік шығысындағы қатал көршілерінің күш-қуатын талқандап, империяның солтүстік шекарасын жинақтау кірген. Оның үстіне скифтерге жорық жасау арқылы европалық скифтер қауіп төндіріп тұрған Закавказьедегі ахеменидтік билікті нығайтуды көздеді» (Толстов, 1948: 105-107). Дәл осы көзқарасты Б.Н. Граков та қолдайды. Зерттеушілер Дарийдің сақтарға екінші рет жасаған жорығының түпкі мақсатын айқындай алғанымен, алайда оның қай уақытта жүзеге асырғаны жөнінде бір ортақ шешімге келе алмауда. Мәселен, грек авторларына сүйенген В.В. Латышев алғаш рет Дарийдің сақтарға жасаған екінші жорығы б.з.д. 512 жылы жүзеге асқан деп өз пікірін қалдырады. Бұл көзқарасты Б.И. Граков, М.И. Артамонов, Б.А. Рыбаков жөн деп табады. Ал В.Д. Блаватский, Б.Г. Гафуров және тағы басқалары болса бұл жорықты б.з.д. 513 жылға әкеп тірейді. Б.з.д. 514 жылы Дарий скиф даласына жорық жасаған деген тұжырымды дәлелдеп В.В. Струве бірнеше зерттеу еңбектерін жазады (Черненко, 1984: 7-8). Оны ежелгі дүниенің жылнамасын зерттеудегі ірі маман Э. Бикерман жақтайды (Bickerman, 1969: 193.). Яғни б.з.д. 514 жылы өткен деген бағытты кеңестік зерттеушілердің басым бөлігі қолдайды (Черненко, 1984:7). Бұлардан басқа Дарийдің Скифияға жорығын батыс зерттеушілерінен Д.М. Балсер (Balser, 1972:102) мен Дж.Камерон (Cameron, 1975:79) б.з.д. 514-510 жылдар арлығында, ірі парсытанушы Р. Фрай б.з.д. 510 жылы деген уақыттарға тоқталады (Frye, 1964: 39). Сонымен зерттеушілердің арасында нақты тұжырым болмағандықтан Дарийдің сақтарға жасаған екінші жорығы шамамен б.з.д. 514-510 жылдар арлығында жүзеге асқан. Парсылардың сақтарға жасаған екінші жорығына байланысты келесі мәселе – ол Дарийдің қанша әскери күшпен шабуыл жасағандығы болып табылады. Геродоттың жазуынша Дарий сақ-скифтерге қарсы мол ірі әскери күш жинаған. Оның айтуынша Дарий Фракияның Боспорынан өтетін кезде Мрамордан екі бағана тұрғызып оған: «Ол өзімен бірге еріп келген өзіне бағынышты барлық халықтарды тізіп жазды. Оның әскері атты әскерлерді қосқанда 7000 000 әскер мен 600

кемені құраған», – деп жазады (Рыбаков, 1979: 171). Шамасы Дарий Скифияға қарай 7000000 қарулы әскерді алып шықты деп жазған Помпей Трогта Геродоттың мәліметін пайдалануы әбден мүмкін. Оның артынша Дарий готтарға қарсы 7000000 адаммен келді деп дәл осы санды Иордан да көрсетеді. Ал Ктесий Книдский болса парсы әскерлерінің санын 8000000-ға дейін көбейтеді. Геродоттың мәліметін Б.А. Рыбаков шындыққа санап, онымен толықтай келіседі (Рыбаков, 1979: 172).

Дегенмен, ертедегі авторлардың мәліметі шындыққа тура келмейді. Оның себебін Е.А. Разин дұрыс ашып береді. Ол былай деп жазады: «Геродоттың парсы әскерін асыра көрсетуі гректердің артықшылығын және олар жеңіске жеткен соғыстарының маңыздылығын ерекше атап өтудегі антикалық тарихшылардың жалпы үрдісінің негізінде жатыр» (Черненко, 1984:19). Осы көзқарасты ұстанған Геродотта Скифияны бағындыруға аттанған парсылардың санын еселеп көбейткен. Өйткені осыған дейін парсылар гректердің бірнеше қалаларын басып алған еді. Сондықтан өздерінің маскара жеңілістерін ақтау үшін олар парсылардың санын көбейтіп отырған. Оның үстіне парсылардың соққысын бірінші қабылдаған скифтер гректердің одақтасы болып келетін. Осы жағдайды Б.А. Рыбаков та былай деп атап өтеді: «Фракия мен Скифияға жасаған Дарийдің жорығын ұзақ уақыттарға созылған грек-парсы соғыстарының алғашқы әскери әрекеті деп тануымыз қажет» (Рыбаков, 1979:106). Дегенмен кейбір тарихшылардың жүргізген зерттеулерінен туындаған тұжырымы бойынша Дарийдің скифтерге жасаған әскерінің саны 100 мыңның шамасын құраған (Черненко, 1984: 20).

Скифияға қарай жорыққа жан-жақты дайындалған Дарий ешкімге де жеңілдік жасамай, әрбір парсыны әскер қатарына алған. Мәселен Геродот былай деп жазады: «Скифтерге қарсы жорыққа шығуға тиісті Эобаа деп аталатын парсының үш ұлы болатын және оны үшеуіне де скифтерге қарсы жорыққа шығуға міндеттелді. Сол кезде Эобаа Дарийге барып үшеуінің біреуін үйде қалдыруды өтініп сұрайды. Патша болса оған досы ретінде өтінішін орындап үшеуін де жорыққа қатыстырмай, үйлерінде қалдыруға уәдесін береді де, қызметшілеріне бұйырып Эобааның үш баласын да өлтірткізеді. Осылайша жазаға тартылған ұлдары мәңгіге үйлерінде қалады» (Рыбаков, 1979: 173). Скифияға жасаған жорыққа Парсы империясының құрамына кірген басқа елдер қатысқан. Бірақ олар

жорыққа қатысуға міндетті саналған парсыларға қарағанда өздерінің орнына басқа біреуді жіберу немесе сатып алу құқығын иеленді. Мысалы, вавилондық Ширку өзінің орнына жарты жылға 50 күміс сикл төлеп басқа адамды жіберсе, үш вавилондық өздерінің орнына басқа адамдарға мол ақша төлеп үш жылға жіберіп қана қоймай, Дарийдің әскеріне бір есек, 12 киім, 12 сауыт, 24 жұп аяқ киім берген (Черненко, 1984: 35). Геродоттың жазуынша б.з.д. 513 жылы Суздан шыққан парсылардың зор әскері Кіші Азия арқылы Боспорға бағыт алады. Дарий скифтердің жеріне басып кірмес бұрын алдымен теңізден барлау шайқасын жүргізеді. Бұл жөніндегі мәліметті Геродот емес Ктесий Книдский береді. Өз еңбегінде Ктесий былай жазады: «Дарий каппадокийлік сатрап Ариараманға Еуропадан өтіп, скифтерге бас салып, олардың еркектері мен әйелдерін тұтқынға алып келуге бұйрық береді. Ариараман 30 елу ескектік кемемен арғы бетке өтіп, скифтерді, соның ішінде ағасының бұйрығымен жасаған қылмысы үшін байлауда жатқан скифтік патшаның інісі Марсагетті тұтқынға алады. Скифтердің патшасы Скифарб Дарийге ызаға толы хат жазады. Дарий де одан қалыспай оған қарымта жауап жазады» (Черненко, 1984: 80-81). Осыдан кейін Ктесийдің сөзінше скифтердің патшасы жазған хатын сылтауратқан Дарий өз жорығын бастаған. Суздан бастап әскер «патша жолымен» жүріп, Каппадокияға жеткен кезде жолдан бұрылып, Фракиялық Боспордың жағасында орналасқан Халкедонға қарай бағыт алады. Осы жерден бұғаз арқылы өтуді жоспарлайды. Парсылардың Геллеспонт арқылы үлкен көпірді қалай салғаны жөнінде Эсхил өзінің өлеңінде суреттеген. Геродот болса Дарийдің салған көпірін Византия мен Боспорға кіретін храмның арасында деп анықтама береді және оның ұзындығы 1350 метр деп көрсетеді. Ол көпірді Дарий тек кемелерді пайдалану арқылы ғана сала алады. Ал жалпы көпірдің құрылысын гректер басқарды. Осылайша өзеннен арнайы салған көпірмен европалық жағалауға өткен соң, Дарийдің әскері Фракияның жеріне келіп, осы жерде өзінің тылын қорғау үшін парсылар Дориск деген бекінісін тұрғызады. Бекініс Марица өзенінің сағасындағы фракиялық тайпалардың иелігінде орналасты. Оған Дарий скифтерге қарсы жорыққа шыққан кезде күзетшілерін қалдырып кетеді. Әскері Боспордан өткен соң Дарий гректерге Истраға кемелерімен жүзіп барып, сол жерден тағы да көпір салуға бұйрық береді (Черненко, 1984: 58). Бұл жолы Дунайдан өтетін парсы әскерлеріне оларға бағынған

ионийлік гректер өздерінің кемелерінен көпір салып береді. Дарийдің Дунайдан өтуі үшін көпір салуға гректердің Абидос, Ламсак, Пария, Проконесса, Кизика, Византия, Хиос, Самос, Фокс және Милеттің тиран билеушілері кемелерін береді (Черненко, 1984: 12).

Көпірден өткен соң Дарий оны қиратып, көпірді салған гректерді өзіне қосып алғысы келеді. Бірақ Коя атты әскербасшысының ақылымен Дарий көпірді бұзудан бас тартады. Кейін Кояның бұл батыл шешімі парсыларды толық қырылудан аман сақтап қалады (Harmatta J, 1979: 20). Сонымен осы көпір арқылы парсылар Дунайдың сол жағалауына өтіп, скифтердің иелігіне аяқ басады. Парсылардың скифтерге басып кіру жоспары туралы хабар бүкіл даланың түкпір-түкпіріне тарап кетеді. Парсылардың басып кіргенін естіген скифтер жекелеп төтеп бере алмайтынын түсініп, кеңес құру үшін көрші тайпаларға өз шабармандарын аттандырады. Соның нәтижесінде жан-жақтан жиналған патшалар мәжіліс құрады. Оған тавр, агафирс, невр, андрофаг, меланхлен, гелон, будин және сарматтардың патшалары қатысады. Скифтердің патшасы оларға парсылардың патшасы бізді ғана емес сендерді де қоса басып алуға келе жатыр. Егерде олар бізді бағындырса, онда сендерге тыныштық бере қоймас, сондықтан парсыларға қарсы бірігіп соғысайық деген ұсыныс жасайды. Алайда мәжіліске қатысушылардың пікірі екіге бөлініп кетеді. Скифтермен бірге парсыларға табанды түрде соғыс жүргізуге гелондар, будиндер және сарматтар уәделерін берсе, ал неврлер, андрофагтар, агафирстер, меланхлендер мен таврлар болса парсылар тек өз иеліктеріне кірген кезде ғана шайқасатынын айтады. Олардың соғыстан тыс қалуы Дарийдің көшпенділердің арасында жүргізген іріткі салу саясатының ықпал етуінен туындаса керек. Әйтпесе олар Дарийдің қандай мақсатпен келе жатқанын алдын ала білмеуі мүмкін емес еді. Осындай бытыраңқылықтың салдарынан парсыларға қарсы көшпелі тайпалардың біртұтас одағы құрылмай қалады. Скифке көмекке тек гелондар, будиндер және сарматтар келеді. Дегенмен скифтер үшін бұл жиналыста қол жеткізген табысы көрші тайпалардың соғыс кезіндегі ұстанымдарын алдын ала анықтап алып, соғыс жүргізудің негізгі бағыттарын белгілейді (Агбунов, 1989: 142).

Осыған байланысты мәжілістен кейін соғысуға бел бұған скиф тайпалары кеңес құрып, алда өтетін соғыстың стратегиялық жоспарын жасайды. Соғысқа тек жорыққа жа-

рамды еркектер қатысып, ал әйелдер мен балаларды және барлық малдарын солтүстікке қарай көшіріп жібереді. Соның нәтижесінде скифтер емін-еркін қимылдауға мүмкіндік алады. Дегенмен басқыншыларға қарсы төтеп беру үшін скиф әскерінің құрамына еркектермен қатар қыздар мен келіншектер де кіріп, парсылармен соғысқа қолына қару ұстауға ұстамды адамдардың бәрі қатысқан. Геродоттың жазуынша солтүстікке тек аналар мен балалар ғана кеткен. Скифтердің кеңесінде әскерлердің алдына қойған міндеттерді Геродот нақты анықтайды: «...ашық майданда ешқандай да шайқасқа түспеу... екі әскери топқа бөлініп өз отарларымен шегіну және басқыншылардың жолында кездесуі мүмкін құдықтар мен басқа да су көздерін көму және шөптердің бәрін өртеу». Б.Н. Граков скифтердің жоспарын былай деп түсіндіреді: «Соғыс біртұтас стратегиялық жоспар бойынша жүргізілді, яғни жауды әбден есеңгірету үшін елдің ішіне тереңірек кіргізу тактикасын қолданды». Б.А. Рыбаков та оның тұжырымын қолдап мынадай пікірін білдіреді: «Скифиядағы парсы әскерлерінің іс-әрекеті Дарийдің ойлаған жоспарымен емес, мүмкіндігінше даланың терең түкпіріне алып баруға ұмтылған скифтердің стратегиялық есебімен анықталды». Скифтердің жаппай шегіне жүріп соғысуы парсы әскерлерінің саны жағынан өте көп болғандығынан туындады. Сондықтан жағдайды дұрыс бағамдаған скифтер жеңіске апаратын стратегияны таңдап алады (Черненко, 1984: 94). Парсылармен соғыс кезінде скифтердің әскері үш бөліктен тұрған және оларды үш патша басқарған. Бұл бөлімдер әскери іс-қимыл басталғанға дейін бөлек-бөлек орналасқан, тек белгілі міндетті бірігіп орындау үшін Иданфирс пен Таксакисінің бөлімдері қосылып әрекет етуге тиіс болған. Осыдан кейін ғана парсыларға қарсы соғыстың аяғына дейін скифтердің екі бөлімдері қимыл көрсеткен. Оның ішіндегі саны аз және шапшаң қимыл көрсететін тобын Скопасис, ал ең ірісін Иданфирс басқарса, соңғысына Таксакис қосылған. Бүкіл әскерлердің жиналу орталығына сарбаздар жан-жақтан келген. Геродоттың жазуынша скифтер әскерінің бір жерге жиналуы соғысты жүргізу жоспарын талқылаған кезде жүзеге асқан. Скифтердің соғыс жүргізетін барлық әскери күштеріне басшылық жасауды олардың бас патшасы Иданфирс атқарды. Кейін парсылардың патшасы Дарий дәл осы Иданфирспен келіссөз жүргізген. Парсылармен шайқасқа түсу немесе түспеу керектігін тек Иданфирс қана қабылдады. Келіссөз кезінде парсылар

скифтердің атынан делінген нақты жауабын осы Иданфирстен алды. Яғни Иданфирс бүкіл скифтердің атынан өз жауабын беріп отырды. Б.А.Рыбаков Иданфирс, Таксакис және Скопасис патшалық еткен тайпаларды анықтауға әрекет жасайды: «Шамасы Иданфирс Герростағы тайпалық қасиетті бейіттердің басты қорғаушысы болып табылатын Днепрдың төменгі жағындағы патша скифтеріне патшалық жасаған. Таксакис патша гелондармен будиндерге билік құрған. Мүмкін оның билігі борисфендіктер сияқты орманды дала алқаптың тайпаларына жүрсе керек. Скопасис болса Азов бойындағы көшпенді скифтерге патшалық құрған. Оларға сарматтар да қосылған» (Рыбаков, 1979: 175). Скопасис бастаған скифтердің әскери тобы парсылармен өткен соғыстың басынан бастап аяғына дейін өте қиын да күрделі мақсаттарды орындаған. Өйткені олар өте шапшаң қимылдайтын жеңіл атты әскерлерден тұрған.

Сонымен парсылармен азаттық үшін соғысқа түскен скифтер көшпенділердің ертеден келе жатқан әдістерін қолдана отырып, үш әскери топтың біріншісі парсыларды далаға тереңдете енгізу үшін алдаусыратып шығысқа қарай, қалған екеуі солтүстікке бағыт алады. Үш күндік жол жүрген скифтер парсыларға айналып келіп бас салады да, аз уақытқа созылған шайқастан соң парсыларды көзден тыс тасада қалдырмай шығысқа қарай шегініп кетеді. Нәтижесінде скифтердің жоспары жүзеге асып, оларды қуған парсылар амалсыздан далаға тереңдеп кіре береді. Оның үстіне шешуші шайқасқа бармаған скифтер парсылардың азық-түлік іздеген ұсақ топтарын талқандаумен айналысады (Черненко, 1984:14).

Парсылар скифтердің соңына түсе отырып, сарматтардың жеріне басып кіреді, кейін қайтадан скифтердің жеріне қайтып оралады. Осы жерде олар будиндер мен гелондардың иелігіне кіреді. Содан кейін парсылар Оар өзеніне жетіп, сол жерде ірі бекіністер салады да, одан әрі меланхлен, андрофаг, невр, агафирстердің жеріне жорықтар жасайды. Б.А. Рыбаковтың жазуынша Азовтың түбінде Дарий әскерін екі бөлікке бөледі. Негізгі күшін басқарған Дарий сол жерде қалып ірі бекіністер сала бастаса, ал шапшаң қимылдайтын бөлігі скифтердің соңынан қуу және будин-гелондардың иелігіне жорық жасау үшін Танаистың арғы бетіне өтеді. Будиндердің иелігіне басып кірген парсылар олардың ағаштан жасалған бекініс қаласына тарпа бас салады. Бірақ парсылар қаланы будиндар тастап кеткеніне қарамастан оны өртеп жібереді (Черненко, 1984: 94-95).

Дарийдің әскерін Оар өзеніне дейін алып келген скифтер болса бағытын кері бұрып, қайтадан батысқа қарай кетеді. Скифтердің аяқ астынан жоғалып кеткенін көрген Дарий әрі скифтердің негізгі күштерін тауып, онымен шешуші шайқасқа түсу үшін Оар өзенінің бойына салып жатқан бекінісін тастап белсенді түрде жорыққа шығады. Жолда Дарий скифтердің екі әскеріне кездескен кезде, олар парсыларды солтүстіктегі шекарасы арқылы кезінде Дариймен соғысудан бас тартқан көршілерінің аймағына алып барады. Кезінде жауға бірлесіп соғысудан бас тартқан андрофаг, меланхлен және неврлердің иеліктері скифтер мен парсылардың жорығынан қайта-қайта талқандалады, әрі осы өңірлерде скифтер мен парсылар бір-бірімен тағы да бірнеше рет шайқасқа түседі. Батыстағы агафирстердің шекарасына жеткен кезде, скифтер тағы да тосыннан оңтүстікке бұрылады. Скифтердің соңына түскен парсылардың әскері болса бұл кезде әбден сілікпесі шығып, күйзеліске түскен еді. Дарий әскерінің қайта-қайта мазасын алған скифтер парсылардың атты әскерін талқандап, оларды жаяу әскердің қорғауына барып тығылуға мәжбүрлейді (Толль, 1928: 22).

Скифтердің соңынан қуу ұзаққа созылғаны соншалықты, Дарий Иданфирске өздерін күштіміз деп есептесе шайқасқа түсуге немесе әлсіздіктерін мойындаса парсылардың билігін мойындау жөнінде келіссөз жүргізуді ұсынады. Оған Иданфирс былай деп жауап береді: «Мен ешқашанда адамдардан қорыққаннан қашқан емеспін және қазірде сенен қашып жүрген жоқпын. Мен бар болғаны бейбіт кезде қалай көшіп жүрдім, солай әлі еш өзгеріссіз көшудемін. Сенің менімен неге шайқасқа түспейсің дегеніңе айтарым, бізде сен басып алып, қиратып кетеді деген қорқыныштан тез арада шайқасқа түсетіндей қалаларымыз немесе түпкілікті орналасқан қоныстарымыз жоқ. Егерде сендер шайқасты тездеткілеріңіз келсе, онда біздің ата-бабаларымыз жатқан бейіттерді тауып алып, соны талқандаңыздар... Ал оған дейін біз сенімен соғыспаймыз, егерде біз оны қаламасак». Иданфирис жауабын: «Мен сенің билеушің боламын деген сөзің үшін сазайыңды тартасың», – деп ашық қорқытумен аяқтайды (Черненко, 1984:104). Өзінің қорқытуы жай емес екенін білдіргісі келген Иданфирис Скопасис басшылығымен скифтерді гректер күзеткен көпірге барып, оны қиратып келуді тапсырады. Гректерден орындаймыз деген жауапты алған соң, олар өздерінің негізгі күштеріне барып қосылады. Скопасис гректермен жүргізген

келіссөзден кейін скифтің патшалары тағы да кеңес өткізіп, онда шегіне жүріп шайқастан белсенді іс-әрекеттер жүргізуге көшуге, тіпті реті келсе шешуші шайқасқа түсу жөнінде шешім қабылдайды. Бірақ олар алдымен әбден әлсіреген парсы әскерлеріне жан-жақтан қайта-қайта соққылар береді, соның ішінде олар азық-түлік іздеп шыққан парсылардың әскери топтарына тұтқиылдан тап беріп жойып отырады. Әсіресе скифтердің атты әскерлері парсыларды түнде жиі-жиі шауып тұрған. Осыдан кейін ғана скифтер парсыларға шешуші шайқас беру үшін бүкіл әскерімен келіп сап түзейді.

Бұл жөнінде парсылармен соғысқа дайындалған «скифтер Дарий әскерінің алдына ең мықты деген атты әскерлерін аттандырады», – деп жазады Геродот. Скифтердің бұл әскери тобы парсыларды Истрадан үш күндік жерден күтіп алады. Е.В. Черновтың есебі бойынша парсылық әскердің бір күндік жол жүруі 28 шақырымға тең болғанын есепке алсақ скифтердің алдыңғы әскері мен парсылардың негізгі күштері Истра мен Тирасаның аралығындағы Когильник өзенінің бойында кездесуі мүмкін. Дарийдің Скифтердің даласына жасаған жорығы кезінде Дунайдың маңайындағы аймақ ірі әскери оқиғалардың өткен сахнасына айналған. Қызығы сол Страбонның еңбегінде де скиф-парсы соғысы Днестр мен Дунайдың аралығында өткен делінеді (Андрух С.И. Нижнедунайская Скифия в VI-начале I в до н.э. (Этно-политическая аспект). – Запорожье, 1995. – 206 с., с.12). Деректерге назар аударсақ, шешуші шайқасқа түсу үшін бір-біріне қарама-қарсы тұрған кезде алдарынан жүгіріп өткен қоянды қуып кеткен скифтердің іс-әрекеті парсыларға психологиялық тұрғыдан кері ықпал жасаған. Оның үстіне скифтер парсыларға бес жебе, тышқан, құрбақа және құсты хабарлама ретінде жібереді. «Хаттың» мәнін Дарийдің кеңесшісі Гобрый егерде парсылар көкке ұшып кетпесе, жерге немесе суға сүнгімесе, онда олар кері қайтпай біздің жебемізден қаза табады деп шешеді. Бұл жауапты естіген Дарий жағдайдың мүлдем мүшкіл екенін түсініп, өзінің кеңесшілері мен қолбасшыларын және басқа да жақындарын жинап, оларға кері қайтудың қауіпсіз іс-шарасын жасаудың қажеттігін жеткізеді. Оған Гобрый былай деп кеңес береді: «Патша ием, бұларды бағындыру қиын екенін көп еститін едім. Осы жаққа келіп, олардың бізді мазаққа айналдыруын көріп, естігенімнің бәрі дұрыс екеніне көзім жетті. Сондықтан менің ойымша скифтер Истрадағы көпірді қиратып тастамай тұрғанда немесе гректер бізді сатып кетпесін десек, қараңғы

түскен бойда жаппай от жағып, оның қасына жолға жармайтын әлсіздер мен жаралыларды тастап, оған скифтерді алаңсыз сендіру үшін есектерді байлап жасырын түрде кетіп қалуымыз керек». Осы кеңесті дұрыс шешім деп таныған Дарий Дунайға қарай шегінуге жарлық береді. Сондай-ақ Гобрийдің кеңесін басшылыққа алған Дарий скифтерге қашқанын білдірмес үшін орналасқан жерлеріне қажетті жабдықтары тиелген жүктерін, әлсіреп науқасқа ұшыраған жауынгерлерін және иттер мен есектерін тастап кетеді. Ал, скифтер болса иттер мен есектердің дауыстары естіліп тұрғандықтан Дарийдің кетіп қалғанын білмей қалады. Скифтердің парсылардың кетіп қалғанын таңертен байқауы, олардың парсылар тастап кеткен ордасын талқандауы Дарийге ұзап шығуға қосымша уақыт беріп қана қоймай, оларға іздерін жасырып үлгеруге мүмкіндік береді. Оның үстіне Дарийдің жаралыларды өлімге қиып тастап кетуі парсыларды үлкен қырғыннан құтқарып қалады. Алайда скифтерден аман қалудың жалғыз жолы Дунайдағы көпірге жетіп үлгеру керек деген түсінікті қабылдаған парсылардың шегінісі алғашқы түннен бастап-ақ жаппай қашуға айналады (Черненко, 1984: 104).

Дарийдің қашқаны туралы хабарды естіген Иданфирис Дунайдағы көпірді қирату мақсатымен Скопасис бастаған скифтердің әскерлерін екінші рет тағы да аттандырады. Дегенмен Дарийдің шаңдарын көрсетпес үшін түнде ғана жүргендіктен, скифтер көпірге бірінші болып жетеді де оны күзетіп отырғандарға: «гректер, сіздерге белгілеген уақыт бітті. Ал сендер болсандар бұл жерде қалу арқылы ақылсыз іс жасап жатырсыздар. Ертеректе көпірді күзету үшін қорыққандықтан қалып едіңіздер, енді көпірді талқандап тезірек кетіңіздер. Сендер құдайдың

және скифтердің арқасында еркін болдыңыздар. Сендердің бұрынғы билеушілеріңді енді қайтып ешкімге соғыс аша алмайтындай етеміз», – дейді (Фронтин, 1996: 25). Скифтердің екінші рет көпірге келуі және оны бұзып тастаңдар деп талап етуі гректерді тығырыққа тіреп, өзара кеңесуден кейін Милет қаласының тираны Гистийдің жоспарын қабылдауға мәжбүрленеді. Ол бойынша гректер көпірдің скифтер жағындағы бөлігін ғана қиратып, ал қалған бөлігін қиратып жатқан сынай танытып, скифтерге «алаңсыз Дарийді іздеп тауып, біз үшін кек алыңыздар, бізге еш алаңдамаңыздар» деп ұсыныс айтады. Скифтер болса гректерге тағы да сеніп парсыларды іздеп кетеді. Таңға таман парсылар көпірге келіп жеткен кезде оларды көрген гректер көпірді қайтадан қалпына келтіреді (Фронтин, 1996: 25).

Осылайша көпірдегі кемелерді алып Грецияға кетеміз деп алдаған ионийлік гректер Дарийдің әскерін өткізіп жібереді. Сәтсіз аяқталған Дарийдің шапқыншылығы скифтердің күш қуатын әлсірете алмады. Олардың ықпалы б.з.д. V-IV ғасырларға дейін сақталып тұрды.

Қорытынды

Б.з.д. VI ғасырда скифтердің күш қуаты жоғары деңгейге жетеді. Жаумен алыс, орта және жақын қашықтықтан табысты шайқастар жүргізу үшін скифтердің негізгі шабуылдаушы және қорғаныс қару кешені қалыптасады. Қорғаныс қару-жарақтары дулыға, сауыт, қалқан, әскери белбеулерден тұрды. Иеленген аймақтарын басып алу мен кеңейту кезеңі тоқтайды. Б.з.д. VI ғасырдың соңында әлемдік империя құруға ұмтылған ахеменидтік Персияның патшасы Дарий Скифияға сәтсіз жорық жасайды.

Әдебиеттер

- Агбунов М.В. (1989) Путешествие в загадочную Скифию. Москва: Наука. 191 с.
- Алексеев А.Ю. (2003) Хронография Европейской Скифии VII-IV до н.э. Санкт-Петербург: Изд. Государственного Эрмитажа. 420 с.
- Андрух С.И. (1995) Нижнедунайская Скифия в VI-начале I в до н.э. (Этнополитическая аспект). Запорожье. 206 с.
- Артамонов М.И. (1973) Сокровища саков. Аму-Дарьинский клад. Алтайские курганы. Минусинские бронзы. Сибирское золото. Москва: Искусство. 280 с.
- Балахванцев А.С. (2018) Политическая история ранней Парфии. Москва. Дисс. на соиск. уч. степ. докт. ис. наук. 467 с.
- Гусаков В.В. (2008) Эволюция мифа в традиционном обществе (по результатам центральноазиатских этнологических исследований). Народное творчество и этнография. №1. С.61-68.
- Гусаков В.В. (2010) Сако-массагеты, их соседи и современники в среднеазиатской политике державы Ахеменидов. Вопросы истории. Вестник Владикавказского научного центра. №1. Т.10. С.11-16.
- Дандамаев М.А. (1985) Политическая история Ахеменидской державы. Москва: Наука. 319 с.
- Куклина И.В. (1985) Этногеография Скифии по античным источникам. Ленинград: Наука. 206 с.

- Немировский А.А. (2005) Массагеты Геродота и саки тиграхауда. Эдубба вечна и постоянна. Санкт-Петербург. С. 217-224
- Полиэн. (2002) Стратегемы. Пер. с греч. Под. Общ. Ред. А.К.Нефедкина. Санкт-Петербург: Евразия. 608 с.
- Рыбаков Б.А. (1979) Геродотова Скифия. Историко-географический анализ. Москва: Наука. 242 с.
- Толль Н.П. (1928) Скифы и гунны. Париж: Евразийское книгоиздательство. 106 с.
- Толстов С.П. (1948) По следам древнехорезмийской цивилизации. Москва. Ленинград: АН СССР. 328 с.
- Фронтин С.Ю. (1996) Военные хитрости (Стратегемы). Санкт-Петербург: Алетейя. 520.
- Черненко Е.В. (1984) Скифо-Персидская война. Киев: Наукова думка. 117 с.
- Щеглов Д.А. (1998) Массagetский поход Кира Великого (локализация и историческая интерпретация). Военная археология. Оружие и военное дело в исторической и социальной перспективе. Санкт-Петербург. 1998. С. 114-118.
- Balcer J.M. (1972) Darius' Scythian expedition. *Classical Philology*. Vol. 76. p. 99-132
- Bickerman E.J.(1969) *Chronology of the Ancient World*. London.352 p.
- Cameron G.G. (1975) Darius the Great and his Scythian (Saka) campaign. *Bisutun and Herodotus. Aclr*. Vol. 4. p. 77-88
- Curzon George Nathaniel. (2018) *Persia and the Persian Question*. Cambridge University Press. 175 p.
- Frye R.N. (1964) The charisma of kingship in ancient Iran. *Iran*. Vol. 6. p. 36-54.
- Harmatta J. (1979) Darius' expedition against the Saka tigraxauda. *Studies in the sources on the history of Pre-Islamic Central Asia*. Budapest. p. 19-28.
- Schmidt E.F. (1953) *Persepolis*. Chicago. Vol. 1-3.

References

- Agbunov M.V. (1989) *Puteshestvie v zagadochnuiu Skifiu*. [Journey to the mysterious Scythia]. Moskva: Nauka. 191 s.
- Alekseev A.Iu. (2003) *Khronografiia Evropeiskoi Skifii VII-IV d.n.e.* [Chronography of European Scythia VII-IV bc]. Sankt-Peterburg: Izd. Gosudarstvennogo Ermitazha. 420 s.
- Andruk S.I. (1995) *Nizhnedunaiskaia Skifiia v VI-nachale I v do n.e. (Etno-politicheskaia aspekt)*. [Lower Danube Scythia in the 6th-beginning of the 1st century bc(Ethno-political aspect)]. Zaporozhe. 206 s.
- Artamonov M.I. (1973) *Sokrovishcha sakov. Amu-Darinskii klad. Altaiskie kurgany. Minusinskie bronzy. Sibirskoe zoloto*. [Treasures of the Sakas. Amu-Darya treasure. Altai burial mounds. Minusinsk bronzes. Siberian gold]. Moskva: Iskusstvo. 280 s.
- Balakhvantsev A.S. (2018) *Politicheskaia istoriia rannei Parfii*. [Political history of early Parthia]. Moskva. Diss. na soisk. uch. step. dokt. is. nauk. 467 s.
- Gusakov V.V. (2008) *Evolutiicia mifa v tradicionnom obshchestve (po rezul'tatam tcentralnoaziatskikh etnologicheskikh issledovani)*. [Evolution of Myth in Traditional Society (Based on the Results of Central Asian Ethnological Research)]. *Narodnoe tvorchestvo i etnografiia*. №1. S.61-68.
- Gusakov V.V. (2010) *Sako-massagety, ikh sosedi i sovremenniki v sredneaziatskoi politike derzhavy Akhemenidov*. [Sako-Massagets, their neighbors and contemporaries in the Central Asian politics of the Achaemenid state]. *Voprosy istorii. Vestnik Vladikavkazskogo nauchnogo tsentra*. №1. T.10. S.11-16.
- Dandamaev M.A. (1985) *Politicheskaia istoriia Akhemenidskoi derzhavy*. [Political history of the Achaemenid state]. Moskva: Nauka. 319 s.
- Kuklina I.V. (1985) *Etnogeografiia Skifii po antichnym istochnikam*. [Ethnogeography of Scythia according to ancient sources]. Lenigrad: Nauka. 206 s.
- Nemirovskii A.A. (2005) *Massagety Gerodota i saki tigrakhauda. Edubba vechna i postoianna*. [Massagets of Herodotus and Saki Tigrahauda. Edubba is eternal and constant]. Sankt-Peterburg. S. 217-224
- Polien. (2002) *Strategemy*. [Stratagems]. Per. s. grech. Pod. Obshch. Red. A.K.Nefedkina. Sankt-Peterburg: Evraziia. 608 s.
- Rybakov B.A. (1979) *Gerodotova Skifiia. Istoriko-geograficheskii analiz*. [Herodotov Scythia. Historical and geographical analysis]. Moskva: Nauka. 242 s.
- Toll N.P. (1928) *Skify i gunny*. [Scythians and Huns]. Parizh: Evraziiskoe knigoizdatelstvo. 106 s.
- Tolstov S.P. (1948) *Po sledam drevnekhorezmiiskoi tsivilizatsii*. [In the footsteps of the ancient Khorezm civilization]. Moskva. Leningrad: AN SSSR. 328 s.
- Frontin S.Iu. (1996) *Voennye khitrosti (Strategemy)*. [War Tricks (Stratagems)]. Sankt-Peterburg: Aleteiia. 520 s.
- Chernenko E.V. (1984) *Skifo-Persidskaia voina*. [Scytho-Persian War]. Kiev: Naukova dumka. 117 s.
- Shcheglov D.A. (1998) *Massagetskii pokhod Kira Velikogo (lokalizatsiia i istoricheskaiia interpretatsiia)*. [Cyrus the Great's Massaget campaign (localization and historical interpretation)]7 *Voennaia arkhologiiia. Oruzhie i voennoe delo v istoricheskoi i sotcialnoi perspektive*. Sankt-Peterburg. 1998. S. 114-118.
- Balcer J.M. (1972) Darius' Scythian expedition. *Classical Philology*. Vol. 76. p. 99-132
- Bickerman E.J.(1969) *Chronology of the Ancient World*. London.352 p.
- Cameron G.G. (1975) Darius the Great and his Scythian (Saka) campaign. *Bisutun and Herodotus. Aclr*. Vol. 4. p. 77-88
- Curzon George Nathaniel. (2018) *Persia and the Persian Question*. Cambridge University Press. 175 p.
- Frye R.N. (1964) The charisma of kingship in ancient Iran. *Iran*. Vol. 6. p. 36-54.
- Harmatta J. (1979) Darius' expedition against the Saka tigraxauda. *Studies in the sources on the history of Pre-Islamic Central Asia*. Budapest. p. 19-28.
- Schmidt E.F. (1953) *Persepolis*. Chicago. Vol. 1-3.